

"Риддер қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" Риддер қалалық мәслихатының 2015 жылғы 16 ақпандағы № 31/2-V шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2023 жылғы 5 мамырдағы № 2/16-VIII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 19 мамырда № 8847-16 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2024 жылғы 28 мамырдағы № 14/8-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 28.05.2024 № 14/8-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Риддер қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Риддер қалалық мәслихатының "Риддер қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" 2015 жылғы 16 ақпандағы № 31/2-V шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3716 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімге 1-қосымшада:

1 тармақтың 5 абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"Аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық табысына шекті жол берілетін шығыстар үлесі 5 (бес) пайыз мөлшерінде белгіленеді.";

3 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық табысын уәкілетті орган тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірген тоқсанның алдындағы тоқсанға "Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматының) жиынтық табысын есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 226 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20498 болып тіркелген) айқындалған тәртіппен есептейді.".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Риддер қалалық мәслихатының төрағасы

Е. Нужных

